

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 136 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 145-құжат; 2004 жылғы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан", 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

- 1) 1-бап "қаржы қызметі" деген сөздерден кейін ", сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес" деген сөздермен толықтырылсын;
- 2) 2-баптың 2) тармақшасында "экономика мен қаржы саласындағы өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың" деген сөздер "сондай-ақ экономикалық, сыбайлас жемқорлық, қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) 5-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "Қаржы полициясының" деген сөздер "Қаржы полициясы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 6 - б а п т а :

1-тармақ "мақсатында" деген сөзден кейін "сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 3), 8) тармақшаларында "экономикалық және қаржылық" деген сөздер "экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) 10-баптың 4) тармақшасында және 11-баптың 1-тармағының 7) тармақшасында: "тізбесін" деген сөзден кейін "және нормаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 13-баптың 7-тармағында "экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылық" , "экономикалық қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың" деген сөздер " сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар және құқық бұзушылықтар", "сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың және құқық бұзушылықтардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті